



## **«Әділ қоғам» жобасының тұжырымдамасы**

«Әділ қоғам» жобасы – бұл Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығының бірлескен, ұлт мәдениеті мен рухани мұраны негізге алу арқылы, қоғамда адалдық пен адамгершілікті нығайтуға бағытталған бастамасы.

Жоба мәдени-ағартушылық және білім беру бастамалары арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға арналған. Ол адалдық, әділеттілік және азаматтық жауапкершілік қағидаттарын дамыту үшін, мемлекеттік мекемелердің, үкіметтік емес ұйымдардың, ғылыми және шығармашылық қауымдастықтың күшін біріктіреді.

Тарихи тұрғыдан алғанда, мәдениет қоғам құндылықтарының қалыптасуында маңызды рөл атқарған. Қазақ дәстүрінде **ұят, ар және адалдық** ұғымдары ерекше орында. Халықтың аңыз-әпсаналары, эпостары, мақал-мәтелдері, тағылымды хикаялары мен дәстүрлі мінез-құлық нормаларын зерттеу арқылы, қазіргі қоғамда моральдық бағдарларды сақтап қана қоймай, оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұрпақтан-ұрпаққа берілетін рухани-адамгершілік құндылықтарға сүйенген жаңа үлгідегі ағарту жұмысын жүргізуді ұсынады. Бұл үшін мәдени және әдеби мұраны, сондай-ақ ашық пікір алмасуға арналған алаңдарды тиімді пайдалану көзделіп отыр.

Ұлттық салт-дәстүр, ауыз әдебиеті мен ата-бабалар философиясы әділеттілік, адалдық пен өзара құрмет қағидаттарын ұрпақ санасына сіңіреді. Қазіргі заманда сыбайлас жемқорлықпен күресті халықтың рухани мұрасы мен моральдық қағидаттарына жүгінбей жүзеге асыру мүмкін емес. Осы орайда, ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығы және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ұлттық дәстүрлер мен мәдени тәрбиені негізге ала отырып, парасаттылық мәдениетін қалыптастыруды көздейтін бірлескен жобаны іске асыруға бастамашылық жасап отыр.

### **Бастамашылар**

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)

ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығы  
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі

### **Жоба жетекшілері**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің және ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығының өкілдерінен құралған үйлестіру кеңесі;

«Әділ қоғам» өңірлік орталықтарының жетекшілері – қоғамдық қайраткерлер, жазушылар, ғалымдар және журналистер;

Университеттер, мәдениет ұйымдары мен адам құқықтарын қорғау ұйымдарының өкілдерінен тұратын сараптамалық кеңес.

#### **«Әділ қоғам» жобасының мақсаты**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мәдени мұра, тарихи құндылықтар, адалдық пен әділдік дәстүрлері арқылы ілгерілетуге бағытталған бірегей мәдени-ағартушылық платформа құру:**

Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын мәдени және білім беру бағдарламалары арқылы қалыптастыру;

Ел аумағындағы кітапханаларда, мәдени орталықтарда және университеттерде «Әділ қоғам» білім беру орталықтарын құру;

Ұлттық мәдениетті моральдық құндылықтарды тәрбиелеудің құралы ретінде қолдау және дамыту;

Құқықтық сана мен жауапкершілікті арттыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру;

Әдебиет, өнер және ғылым арқылы адалдық пен әдеп қағидаттарын ілгерілету;

Қазақстанның мәдени дәстүрлеріне сүйене отырып, сыбайлас жемқорлықпен күресте әлемдік үздік тәжірибелерді тарату;

Ұлттық мұра арқылы адалдық, әділеттілік және жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру;

Әдебиет, дәстүрлер мен фольклор арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы тұрақты дамыту;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттағы мәдени дипломатияны нығайту;

Ізгілік пен моральдық құндылықтар туралы қоғамдық диалог алаңын құру.

#### **Жобаның міндеттері**

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мұра арқылы насихаттау;

– Қазақ және әлем мәдениетіне тән ар-ождан, әділеттілік және адалдықтың дәстүрлі нормаларын зерттеу және насихаттау;

– Тарихшылар, этнографтар, ғалымдар мен жазушылардың мораль қағидаттары туралы дәрістер мен пікірталастар ұйымдастыру;

– Ақпараттық-білім беру материалдарын жасау және тарату;

– Қазақ халқының тарихындағы адалдық пен әділеттілік туралы кітаптар, кітапшалар мен мақалалар дайындау;

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарға арналған медиа-контент (фильмдер, бейнероликтер, подкасттар) әзірлеу;

– Жастарда әділеттілік қағидаттарына бейімделуді қалыптастыру;



- Моральдық және құқықтық нормаларды білуге арналған квесттер, интеллектуалдық ойындар, байқаулар ұйымдастыру;
- Оқу орындарында оқу курстары мен тренингтер әзірлеу;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдени аспектілерге арналған халықаралық конференциялар мен форумдар ұйымдастыру;
- «Әділ қоғам» алаңдарын кітапханаларда, мұражайларда, мәдени орталықтарда енгізу;
- **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпты этномәдени іс-шараларға (фестивальдер, көрмелер, театрлық қойылымдар) қосу.**

### **Іс-қимыл жоспары**

1. «Әділ қоғам» мәдени-ағартушылық алаңдарын құру

Абай, Шәкәрім, Бұхар жырау және басқа да философтардың шығармалары негізінде ар-ождан, әділеттілік және абырой тақырыбын қозғайтын диалогтық клубтар, әдеби кештер, эпостар оқуларын және пікірталастар ұйымдастыру.

Жазушылармен, ғалымдармен, этнографтармен және қоғам өкілдерімен мәдениеттің моральдық аспектілерін талқылау үшін кездесулер өткізу.

2. Мультимедиялық жобалар әзірлеу

Тарихтағы халық даналығы мен адалдықтың мысалдарын көрсететін «Ар-ұждан дәстүрлері» атты бейнероликтер сериясын жасау.

Қазақстан тарихында шындық пен әділдік үшін күрескен батырлар туралы интерактивті подкасттар мен деректі фильмдер әзірлеу.

3. Жастар арасындағы байқау

Адалдық пен ізгілікке байланысты халықтың ауыз әдебиетінің мәтіндерін, мақал-мәтелдер мен аңыздарды жинау және талдау.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің мәдени аспектілерін көрсететін үздік эссе және жобаларды марапаттау.

4. Көрмелер мен фестивальдер

Мораль нормаларын көрсететін «Ұлы дала әдебі» тақырыбында экспонаттар көрмелер ұйымдастыру.

Халық аңыздарына негізделген театрландырылған қойылым өткізумен, «Адамгершілік фестивалін» ұйымдастыру.

5. «Ұлы дала әдебінің кодексі» жинағын шығару

Қазақтың даналық сөздерін, дәстүрлі тәртіп ережелері және адалдық пен әділдік туралы әңгімелер жазылған кітап жазу. Кітапты студенттер, кітапханалар мен білім беру ұйымдары арасында тарату.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу мәселелері бойынша оқу бағдарламалары мен әдістемелік құралдар әзірлеу.

7. Ағартушылық шаралар өткізу (дәрістер, семинарлар, дөңгелек үстелдер, форумдар, көрмелер, театрландырылған қойылымдар, эссе және көркем шығармалар конкурстары).

8. Сыбайлас жемқорлық, оның қоғамға әсері және онымен күрес жолдары туралы арнайы әдебиет пен медиа контент шығару.

9. ЮНЕСКО және басқа халықаралық ұйымдардың мәдени және білім беру институттарымен халықаралық ынтымақтастық.

10. Әлеуметтік желілерде, телеарналар мен радио арқылы баспасөз науқандарын өткізу, қоғамдық пікір көшбасшыларын тарту.

11. Нәтижелерді мониторингтеу және бағалау, жыл сайын қоғамдық және мемлекеттік органдар алдында есеп беру.

**ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығының жоба шеңберіндегі қызметі**

***ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығы ғылыми, әдістемелік және мәдени-ағартушылық қолдауды қамтамасыз етумен, жобаның негізгі үйлестірушісіне айналады:***

1) Зерттеу жұмысы: Қазақстанның тарихы мен мәдениетінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы дәстүрлерді зерделеу.

2) Дәстүрлі адалдық нормалары және олардың қазіргі қоғамдағы өзектілігі туралы баяндамалар мен ғылыми жарияланымдар дайындау.

3) Білім беру және ағартушылық қызмет: мәдениет тұрғысынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелері бойынша семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру.

4) Сарапшыларды тарту арқылы ашық дәрістер мен шеберлік кластарын өткізу.

5) Халықаралық ынтымақтастық: шетелдік мәдени және білім беру мекемелерімен тәжірибе алмасу, ЮНЕСКО өкілдіктері мен басқа халықаралық ұйымдармен бірлескен шаралар өткізу.

6) Мәдени жобалар мен іс-шаралар: этномәдени іс-шаралар бағдарламасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпты енгізу, әділдік пен адалдыққа арналған театрландырылған қойылымдар, көрмелер мен әдеби кештерді қолдау.

**ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығының рөлі:**

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелерде мәдени құндылықтарды интеграциялау.

– Қоғамда әдеп, мораль және айқындық мәселелеріне арналған халықаралық форумдар мен конференциялар ұйымдастыру.

– Парасаттылық қағидаттарын насихаттау ісіне өнер, әдебиет және ғылым өкілдерін тарту.

– Әртүрлі этномәдени қоғамдастықтарда адалдық қағидаттарын қалыптастыруға бағытталған мәдениетаралық диалогті дамыту.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің рөлі:**

– Жобаны әдіснамалық қолдау.

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті заңнамалық және құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету бойынша ұсынымды әзірлеу.

– Іске асырылып жатқан бағдарламалардың тиімділігін мониторингтеу және бағалауды ұйымдастыру.



– Жобаны еліміздің барлық аумағында тарату мақсатында мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл.

### **Күтілетін нәтижелер:**

Қоғамның адалдық пен моральдық қағидаттардың маңыздылығы туралы хабардар болу арқылы мәдениет деңгейін арттыру.

Ұлттық мұра негізінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа жаңа көзқарасты қалыптастыру.

Қоғамда адалдық пен әділдіктің оң бейнесін жасау.

Әр буын өкілдері арасында қоғамдық диалогті мәдени мұра арқылы нығайту.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша қоғамның құқықтық және мәдени сауаттылық деңгейін арттыру.

Жастарды адал әрі әділетті ортаны қалыптастыру процесіне тарту.

Мәдени және мемлекеттік мекемелер арасындағы ынтымақтастықты кеңейту.

Мәдени мұра арқылы тұрақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы орнықты ортаны қалыптастыру.

### **Қорытынды**

«Әділ қоғам» жобасы – адалдық пен әділдік қағидаттарын нығайту бойынша мемлекеттік стратегияға мәдени мұраны біріктіру жолындағы маңызды қадам болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн тәртібін ағартушылық миссиямен ұштастыра отырып, бұл жоба ар-ождан, ізгілік пен парасаттылық табиғи нормаға айналатын ұлттық сананы қалыптастыруды көздейді.

Жоба моральдық және рухани құндылықтарды дамыту арқылы қоғамдық сенімді арттыруға, тұрмыстық жемқорлық деңгейін төмендетуге және парасаттылық дәстүрлерін нығайтуға ықпал етеді. Қазақстанның бай мәдени мұрасы мен халықаралық тәжірибеден шабыт ала отырып, бұл бастама әділ әрі адал болашақтың берік іргетасын қалайды, онда мәдениет ұлттық бірегейліктің айнасы ғана емес, сонымен қатар қоғамның адамгершілік қағидаттарын нығайтудың қуатты құралына айналады.